Әл -Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
8D02206-«Тарих» мамандығы бойынша
Оралова Ақнұр Амангелдіқызының Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындаған «Батыр Қожаберген Жәнібекұлының
өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689-1785 жж.)»
тақырыбындағы диссертациясына

ПІКІР

Бұл диссертациялық зерттеу XVIII ғасырдағы қазақ халқының саяси және әскери тарихында ерекше орын алатын тұлға — Қожаберген батыр Жәнібекұлының өмірі мен қызметіне арналған. Тақырып өзекті, себебі ол Абылай хан дәуіріндегі қазақ мемлекеттілігінің нығаюы, сыртқы саясат пен дипломатиялық дәстүрдің қалыптасуы сияқты іргелі үдерістерді жеке тарихи тұлға үлгісінде көрсетеді. Зерттеу барысында автор Қожаберген батырдың Абылай хан саясаты аясындағы әскери және мәмілегерлік қызметін, оның қазақ-қытай және қазақ-орыс қатынастарындағы рөлін ашуға ұмтылған. Жұмыс мазмұны мен бағытталуы жалпы алғанда ғылыми талаптарға сай келеді және деректік тұрғыдан едәуір бай.

Жұмыстың басты ғылыми жаңалығы — бұрын айналымға түспеген қытай (Цин), орыс және қазақ ауызша деректерін кешенді салыстыра пайдалану арқылы Қожаберген батырдың дипломатиялық қызметін нақты көрсетуінде. Зерттеу барысында 1759–1761 жылдары Цин империясына жіберілген сауда керуендері мен елшіліктер жөніндегі мәліметтер архивтік деректермен дәлелдеуге күш жұмсаған. Сонымен қатар автор Қожабергеннің Абылай хан саясатын іске асырудағы орнын, «жылқыға жібек» саудасын ұйымдастырудағы рөлін, қазақ қоғамының бейбіт экономикалық дипломатиясына қосқан үлесін айқындаған.

Диссертациялық еңбекте кемшіліктер де жоқ емес. Олар туралы сындарлы ескертпелер:

1. Абылай хан дәуіріндегі тұлғалық байланыстар жеткілікті ашылмаған. Қожаберген батырдың тарихи орнын нақты анықтау үшін оның Абылай хан ордасындағы өзге ірі батырлармен (Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Баян, Бердіқожа,

Ақтанберді және т.б.) өзара қатынасы, серіктестігі мен иерархиялық деңгейі міндетті түрде талдануы керек еді. Бұл тұлғалармен байланысы көрсетілмегендіктен, Қожабергеннің Абылай хан төңірегіндегі беделі мен мәртебесі салыстырмалы тұрғыда толық ашылмай қалған.

2. Композициялық және хронологиялық жүйесіздіктер. Мәтінде зерттеушінің бір тақырып айтылып жатқанда басқа тақырыптарға түсіп кеткені байқалады. Мәселен өмірбаяндық бөлімдерде оқиғалардың реті бұзылған: тегі мен балалық шағынан бірден қайтыс болғанына көшу байқалады. Кейбір бөлімдерде жоңғар соғыстары мен кейінгі дипломатиялық байланыстар араласып кеткен. Сонымен қатар мәтінде бір мазмұндағы пікірлер мен тұжырымдар кей жерлерде бірнеше рет қайталанады. Бұл ғылыми баяндаудың жинақылығына және логикалық құрылымына зиян келтіреді.

3. Деректік және тілдік кемшіліктер. Кейбір мәліметтер нақты дереккөзге сүйенбей берілген. Әсіресе тарихи даталар, тұлғалық байланыстар, дипломатиялық сапарлар және шежірелік мәліметтер бойынша нақты сілтемелердің болмауы жұмыстың деректік сенімділігін төмендетеді. Сонымен бірге ру атаулары мен этнонимдер бірізді жазылмаған: кей жерде Шұбарайғыр, кейде Шыбарайғыр; Жәдік руы кей беттерде Жадық түрінде кездеседі. Бұл біркелкісіздік ғылыми қолжазбаның орфографиялық және терминологиялық дұрыстығына нұқсан келтіреді.

4. Мәтінде кей жерде үзінділер қазақша емес, шетел тілінде аудармасыз берілген. Жұмыста кей жерлерде орыс және моңғол тіліндегі деректер түпнұсқа түрінде келтірілген. Бұлар зерттеу тілі қазақ тілі болғандықтан, мәтіннің мағынасы қазақша аудармамен берілуі тиіс еді.

5. Ғылыми стиль мен әдістемедегі кемшіліктер. Жұмыстың кей тұстарында публицистикалық және эмоционалды тіркестер Мәселен «Абылайдан кейінгі орында іс атқарған беделді тұлға ретінде қызмет атқарған», «Қожаберген батыр Жәнібекұлы XVIII ғасырдағы ірі империялар тоғысында Абылайдан кейінгі орында іс атқарған беделді тұлға ретінде», «сол кезеңнің шынайы бейнесін сипаттауға мүмкіндік берер бірегей тұлға – Қожаберген батыр») деген сөздер кездеседі.

Қорытынды пікірімізді айтар болсақ «Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689–1785 жж.)» атты диссертациялық жұмыс жалпы мазмұны, өзектілігі және ғылыми жаңалығы тұрғысынан құнды еңбек болып табылады. Дегенмен, тұлғаның Абылай хан дәуіріндегі орнын кең контексте көрсету, шетел тіліндегі деректерді аударма арқылы беру, шежірелік және тарихи мәліметтерге

нақты сілтемелер қосу және терминологиялық бірізділікті сақтау тұрғысынан кей кемшілік және жүйесіздіктері реттеп жұмысты толықтыру қажет. Осы ескертулерді ескере отырып, диссертацияны қорғауға ұсынуға болады деп санаймын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
тарих ғылымдарының докторы,
профессор Ә. Қара
(Ыстамбұл)